

Қытай Халық Республикасы төрағасының орынбасары Цзэн Цинхунның Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 5 қаңтардағы N 1-ө Өкімі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы стратегиялық серіктестікті дамыту және 2006 жылғы 9-12 қаңтарда Астана қаласында Қытай Халық Республикасы төрағасының орынбасары Цзэн Цинхунның Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бюджеттік бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Қытай Халық Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Қытай Халық Республикасы төрағасының орынбасары Цзэн Цинхунның арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі Қытай Халық Республикасының делегациясын қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, баратын орындарында бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарлама мен ресми қабылдаулар ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Қытай Халық Республикасы төрағасының орынбасары Цзэн Цинхунды қарсы алу және шығарып салу рәсіміне қатыссын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 5 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 1 - ө ө к і м і н е

қосымша

Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелерін Астана қаласындағы "Окан Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне 1+10 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь-Астана" қонақүйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автомобильдерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Қытай Халық Республикасының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан Қытай Халық Республикасы төрағасының орынбасары Цзэн Цинхунның құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК